басқа мемлекеттік органдарға, оның ішінде:	042		x	
республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарға	042-1		x	
жергілікті бюджеттен қаржыландырылатындарға	042-2		x	
басқа ұйымдарға	043		x	
материалдық емес активтер	050			
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	051			
басқа мемлекеттік органдарға, оның ішінде:	052			
республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарға	052-1			
жергілікті бюджеттен қаржыландырылатындарға	052-2			
басқа ұйымдарға	053			
өзге ұзақ мерзімді активтер	060			
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	061			
басқа мемлекеттік органдарға, оның ішінде:	062			
республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарға	062-1			
жергілікті бюджеттен				

қаржыландырылатындарға	062-2			
басқа ұйымдарға	063			
Қорлар өтеусіз берілді, барлығы:	070		x	
өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге	071		x	
басқа мемлекеттік органдарға, оның ішінде:	072		x	
республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарға	072-1		x	
жергілікті бюджеттен қаржыландырылатындарға	072-2		x	
басқа ұйымдарға	073		x	

16-1-кесте. Өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер /қорлар

Көрсеткіштер	Жол коды	Бастапқы құны	Жинақталған амортизацияның сомасы	Баланстық құны
1	2	3	4	5
Өтеусіз ұзақ мерзімді активтер алынған, барлығы:	010			
өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен	011			
басқа мемлекеттік органдардан	012			
басқа ұйымдардан	013			
оның ішінде: қаржы инвестициялары	020		x	
өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен	021		x	
басқа мемлекеттік органдардан	022		x	
басқа ұйымдардан	023		x	
негізгі құралдар	030			
өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен	031			

басқа мемлекеттік органдардан	032			
басқа ұйымдардан	033			
аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар	040		x	
өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен	041		x	
басқа мемлекеттік органдардан	042		x	
басқа ұйымдардан	043		x	
материалдық емес активтер	050			
өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен	051			
басқа мемлекеттік органдардан	052			
басқа ұйымдардан	053			
өзге де ұзақ мерзімді активтер	060			
өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен	061			
басқа мемлекеттік органдардан	062			
басқа ұйымдардан	063			
Қорлар өтеусіз алынған, барлығы:	070		x	
өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінен	071		x	
басқа мемлекеттік органдардан	072		x	
басқа ұйымдардан	073		x	

Ескертпе: *011, 021, 031, 041, 051, 061 және 071-жолдарының деректері 16-кестенің осыған ұқсас жолдарының деректеріне сәйкес келеді

17-кесте. Концессиялық активтер және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша басқа активтер жөніндегі ақпарат

Көрсеткіштер	Жол коды	Бастапқы құны	Жинақталған амортизацияның сомасы	Құнсыздануға арналған резерв сомасы	Баланстық құны
1	2	3	4	5	6
Жер	010				

Ғимараттар	020				
Құрылыстар	030				
Беріліс қондырғылары	040				
Көлік құралдары	050				
Машиналар мен жабдықтар	060				
Аяқталмаған құрылыс	070				
Өзгелер	080				
Барлығы:	100				

18-кесте. Өзара операциялар бойынша ақпарат

Р/с №	Күні	Операция түрі	Құжаттың атауы мен нөмірі	Өзара операциялар бойынша тараптардың атауы	Сомасы	Ш о т т а р корреспонденциясы	
						Дебеті	Кредиті
1	2	3	4	5	6	7	8
		жиыны: оның ішінде :	x	x		x	x
		шығыс түрлері бойынша	x	x			x
			x	x			x
			x	x			x
		кіріс түрлері бойынша	x	x		x	
			x	x		x	
			x	x		x	

19-кесте. 7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және аударылған сомалар бойынша ақпарат

Көрсеткіштер	Жол коды	республикалық бюджет		Жергілікті бюджет	
		есептелгені	тізімделгені	есептелгені	тізімделгені
1	2	3	4	5	6
Бюджетпен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар, барлығы:	010		x		x
Оның ішінде есепті кезеңде бюджетке	020			x	

аударылғаны, барлығы:		x			
салықтық түсімдер	021				
салықтық емес түсімдер	022				
оның ішінде:					
мемлекеттік кәсіпорындарды ң таза кірісі бөлігінің түсімдері (201100)	022-1				
мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер (201300)	022-2				
мемлекет меншігіндегі, з а ң д ы тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер (201400)	022-3				
мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер (201500)	022-4				
б ю д ж е т қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар (201600)	022-5				
мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (201700)	022-6				
қару-жарақ пен әскери техникадан түскен кірістер (201905)	022-7				

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелердің тауарларды (022-8 жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер (202100)					
мемлекеттік бюджеттен қаржыландырыл а т ы н мемлекеттік мекемелер ұйымдастыраты 022-9 н мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері (203100)					
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 023					
оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды сатудан түсетін түсімдер (023-1 302100)					
трансферттер түсімі 024					
бюджеттік кредиттерді өтеу 025					
мемлекеттің қ а р ж ы активтерін сатудан түскен түсімдер 026					

20-кесте "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер"

		Шартта көзделген	Шарт бойынша есептелген сома	

Көрсеткіштер	Жол коды	сома	барлығы	оның ішінде есепті кезеңде
1	2	3	4	5
Мемлекеттік-жеке елік әріптестік шарттар бойынша міндеттемелер, барлығы:	010			
қаржылық емес міндеттемелер	020			
қаржылық міндеттемелер, оның ішінде:	030			
инвестициялық шығындарды өтеу	031			
операциялық шығындарды өтеу	032			
сыйақылар	033			
өзгелері	034			

21-кесте. Дивидендтердің, қатысу үлесіне кірістердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің бір бөлігінің мөлшері туралы ақпарат

№	Атауы (акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, республикалық мемлекеттік кәсіпорын)	Жыл басындағы артық төлеу (+)/ өткен жылдардың берешегі (-)	Жыл ішіндегі қызмет қорытындылары бойынша аударуға жатады	Тексеру қорытындылары бойынша аударуға жатады	Барлығы аударылғаны	Түзетулер мен өзге операциялар	Есепті кезеңнің соңына артық төлеу (+)/ берешек (-) (3 баған- 4 баған-5 баған + 6 баған + 7 баған)
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиыны:						

22-кесте. Салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек

Көрсеткіштер	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек		Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	
	Есепті кезең	Өткен кезең	Есепті кезең	Өткен кезең
1	2	3	4	5
Салықтық түсімдер бойынша берешек барлығы, оның ішінде:				
корпоративтік табыс салығы бойынша				

қосылған құн салығы бойынша				
кедендік төлемдер мен баждар бойынша				
басқа салық түсімдері бойынша				

23-кесте. Аяқталмаған құрылыс және материалдық емес активтерге күрделі салымдар (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" 115-жолы)

Көрсеткіштер	Жол коды	Аяқталмаған құрылыс	Материалдық емес активтерге күрделі салымдар	Барлығы
1	2	3	4	5
Есепті кезеңнің басындағы сальдо	010			
Түскені барлығы, оның ішінде	020			
ағымдағы жылдың бюджеті бойынша қаржыландыру есебінен	021			
өткен жылдардың берешегін өтеу	022			
өтеусіз алынды	023			
өзгелер	024			
Шыққаны барлығы, оның ішінде	030			
ұзақ мерзімді активтерге ауыстырылды	031			
өтеусіз аударылды	032			
өзгелері	033			
Есепті кезеңнің соңындағы сальдо	040			

23-1 кесте. "Аяқталмаған құрылыс объектілері бойынша ақпарат" (2411) (Проблемалық объектілер)

№	Аяқтал маған құрылыс	Келісім шартқа сәйкес құрылыс тың басталғ	Келісім шартқа сәйкес құрылыс тың аяқталғ	Аяқтал маған құрылыс тың жыл басына қалдығ	Есепті кезеңге (мың теңге)				Өзге шығыст ар	Аяқтал маған құрылыс тың жыл соңына қалдығы (2411 шоты) 5 баған + 6 баған-7
					Барлығы түскен	Оның ішінде құрамға ауыстырылды				
						Матери алдық емес	Инвест ициялы қ	Қорлар		

	объекті лерінің атауы	а н жылы	а н жылы	ы (2411 шоты)		Негізгі құралда р	активте р	жылжы майтын мүлік			баған-8 баған-9 баған- 1 0 баған- 1 1 баған)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

24-кесте. Өзге шоттар бойынша ақша қаражатының қозғалысы*

[illegible]

операц иялық қызмет тен	031											
инвест ициял ы қ қызмет тен	032											
Есепті кезеңні ң соңын дағы қалдық	040											

Ескертпе: *республикалық (тиісті жергілікті) бюджеттен алынбаған ақша қаражаты

25-кесте. Мемлекеттік кепілдіктер және шартты міндеттемелер туралы ақпарат

1. Мемлекеттік кепілдіктер туралы

Өлшем бірлігі: мың теңге

р/с №	Іс-шараның атауы	Негіздеме (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының күні мен нөмірі)	Кепілдіктер сомасы	Болжамды (мүмкін) қаржылық міндеттемелер
1	2	3	4	5

2. Шартты міндеттемелер туралы

Өлшем бірлігі: мың теңге

р/с №	Іс-шараның атауы	Негіздеме (құжаттың нөмірі мен күні)	Шартты міндеттеменің туындауы туралы түсіндірме	Болжамды (ықтимал) шартты міндеттемелер
1	2	3	4	5

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оны алмастыратын тұлға

Бас бухгалтер немесе құрылымдық бөлімшені басқаратын тұлға

Мөр орны жылғы " "

арналған нысан

[illegible]

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және электронды түрде

Бюджеттің түрі: _____

Өлшем бірлігі: мың теңге

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің басында	Қайта ұйымдас тырылу күніне
1	2	3	4
I. Қысқа мерзімді активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	010		
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011		
Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	012		
Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	013		
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	014		
Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	015		
Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар	016		
Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	017		
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	018		
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	019		
Қорлар	020		
Берілген қысқа мерзімді аванстар	021		
Өзге қысқа мерзімді активтер	022		
Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша			

бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек	023		
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	100		
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	110		
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	111		
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	112		
Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	113		
Негізгі құралдар	114		
Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар	115		
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	116		
Биологиялық активтер	117		
Материалдық емес активтер	118		
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	119		
Өзге ұзақ мерзімді активтер	120		
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	200		
Баланс			
Міндеттемелер, таза активтер/капитал	Жол коды	Есепті кезеңнің басында	Қайта ұйымдастыру күніне
1	2	3	4
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210		
Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	211		
Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа	212		

мерзімді кредиторлық берешек			
Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	213		
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	214		
Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	215		
Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	216		
Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек	217		
Қызметкерлер және өзге де есеп беретін тұлғалар алдында қысқа мерзімді кредиторлық берешек	218		
Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар	219		
Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	220		
Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	221		
Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелер	222		
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері	223		
Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	224		
Қысқа мерзімді міндеттемелерінің жиыны	300		
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310		

Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	311		
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	312		
Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	313		
Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелер	314		
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер	315		
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны	400		
V. Таза активтер/капитал			
Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру	410		
Резервтер	411		
Жинақталған қаржылық нәтиже	412		
Таза активтер/капитал жиыны	500		
Баланс			
Баланстан тыс шоттар			
Жалға алынған активтер	610		
Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар	620		
Қатаң есептегі бланктер	630		
Төлеуге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі	640		
Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі	650		
Өтпелі спорттық жүлделер мен кубоктар	660		
Жолдамалар	670		

Әскери техниканың оқулық құралдары	680		
Мәдени мұра активтері	690		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон
Басшы немесе оны алмастыратын тұлға

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Бас бухгалтер немесе құрылымдық бөлімшені басқаратын тұлға

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөр орыны _____ жылғы "___" _____

Ескертпе: нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы бұйрықпен бекітілген
Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының
12-тармағына сәйкес 7-қосымшада келтірілген.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 468 бұйрығына
7-қосымша

Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидалары

**Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің
14.12.2017 № 719 (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қаржылық есептілікті жасау мен ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) оларды пайдаланушыларға ұсыну мақсатында республикалық, жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының қаржылық есептілікті жасау және ұсыну тәртібін және көлемін, мерзімділігін, мерзімдерін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Республикалық, жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жартыжылдық, жылдық есептіліктерін осы Қағидаларда белгіленген көлемде жасайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қаржылық есептілікті жасау кезінде мынадай:

есепті кезеңдегі барлық операциялардың толық және шын мәнінде көрініс табуы;

кірістер мен шығыстардың есепті кезеңдерге жатқызылуының дұрыстығы;

талдамалық есепке алу деректерінің есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бірінші күніне синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға тең болуы;

көрсеткіштердің ұқыпты толтырылуы және өшірулер мен бояуларға жол берілмеу талаптары сақталуы тиіс. Қателер түзетілген жағдайда түзету күнін көрсете отырып, қаржылық есептілікке қол қойған тұлғаның растауымен тиісті жазбалар жасалады.

4. Қаржылық есептілік нысандары онда көзделген көрсеткіштермен дәлме-дәл сәйкес толтырылады. Бекітілген қаржылық есептілік нысандарында көрсеткіштері мен олардың кодтарын өзгертуге немесе оларға қосымша көрсеткіштер енгізуге жол берілмейді.

Қаржылық есептіліктің ағымдағы есепті кезеңге, сол сияқты бұның алдындағы кезеңге жататын деректерінің (оларды бекіткеннен кейін) өзгеруі деректердің бұрмалануы айқындалған кезеңде жасалған қаржылық есептілікте жүргізіледі.

5. Мемлекеттік мекеме республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің енгізген өзгерістеріне сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде өздеріндегі қаржылық есептілік данасына өзгерістер енгізеді.

Мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігіне түзетулер осы қағидалардың 3 -тармағында белгіленген түзетулер енгізу тәртібін міндетті түрде сақтай отырып, ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекеменің есебін қарау нәтижелері бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жазбаша хабарламасы негізінде ғана енгізіледі.

6. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне өзгерістер енгізген жағдайда, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қаржылық есептілігіне өзгерістер енгізілген ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге өзгерістер енгізу себебі көрсетіліп, енгізілген өзгерістер туралы басшы мен бас бухгалтердің қолы қойылған жазбаша хабарлама жібереді.

Мемлекеттік мекеме жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі енгізген өзгерістерге сәйкес өзіндегі қаржылық есептілік данасына өзгерістер енгізеді.

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне өзгерістер енгізген жағдайда қаржылық есептілікке соңғы түзетулерді осындай тәртіппен енгізген жөн.

7. Әкімшілік деректердің нысандарына титулдық парақтың атаулы бөлігі мынадай тәртіпте толтырылады:

нысан бекітілген бұйрықтың, күні мен нөмірі;

нысан атауы;

есептік кезең;

"Индексте" қаржылық есептілік (бұдан әрі - ҚЕ) нысаны (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі);

"Мерзімділігі" деректемесі – қаржылық есептілік кезеңі көрсетіледі;

"Бюджеттің түрі" – мемлекеттік мекеме қандай бюджеттен қаржыландырылады, бюджеттің түрі көрсетіледі;

"Өлшем бірлігі" – мың теңге.

Мемлекеттік мекемелер қаржылық есептілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасынан бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мен кодын көрсете отырып, ұсынады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық қаржылық есептілікті жасайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жартыжылдық қаржылық есептілік ағымдағы қаржы жылының 30 маусымындағы жағдай бойынша 1 қаңтардан бастап 30 маусымға дейінгі күнтізбелік кезеңге жасалады.

Жылдық қаржылық есептілік есепті қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі күнтізбелік кезеңге жасалады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2021 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік мекемелер қаржылық есептілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгілеген және олар қаржылық есептілікті беру күніне дейін мемлекеттік мекемелерге жеткізген мерзімдерде ұсынады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары қаржылық есептілікті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті органдар белгілеген және олар қаржылық есептілікті ұсынған күнге дейін мемлекеттік мекемелерге жеткізген мерзімдерде ұсынады.

Қаржылық есептілік қағаз тасығышта кітапша түрінде беттері нөмірленіп, мазмұны көрсетіліп және электрондық түрде нысандардың толық көлемінде ұсынылады.

Олар үшін қаржылық есептілікті ұсыну күні болып почта кәсіпорнының штемпелінде немесе фельдъегерлік қызмет, бірақ бюджеттік есептілікті ұсыну күніне дейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей көрсетілген оны жіберген күн есептелетін басқа тұрғылықты мекендерде орналасқан мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеме үшін қаржылық есептілікті ұсыну күні оны іс жүзінде тиесілігіне қарай табыс еткен күн болып есептеледі.

Есептілікті ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс күнге (жұмыс емес күнге) сәйкес келген жағдайда, қаржылық есептілік одан кейінгі бірінші жұмыс күнінде ұсынылады.

Мемлекеттік мекемелер бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жылдық қаржылық есептілігін (пысықталған жылдық қаржылық есептілігін) қабылдағаннан кейін, оны "Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 636 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

7375 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 636 бұйрық) бекітілген Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізу пішімін, сондай-ақ бірдей мерзімдерде мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесінде айқындалған тәртіппен және мерзімде мемлекеттік мүлік тізіліміне жібереді.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті органдар жылдық қаржылық есептілікті (пысықталған жылдық қаржылық есептілікті) қабылдағаннан кейін оны № 636 бұйрықта айқындалған тәртіппен және мерзімде мемлекеттік мүлік тізіліміне жібереді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік мекемелер мен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары ұсынатын жартыжылдық, жылдық қаржылық есептіліктің көлемі:

- 1) ҚЕ-1-нысан – бухгалтерлік баланс;
- 2) ҚЕ-2-нысан – қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп;
- 3) ҚЕ-3-нысан – қаржыландыру көздері бойынша (тікелей әдіс) мемлекеттік мекемелердің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп;
- 4) ҚЕ-4-нысан – таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп;
- 5) ҚЕ-5-нысан – қаржылық есептілікке түсіндірме жазба;
- 6) ҚЕ-6-нысан – қайта ұйымдастыру кезіндегі бухгалтерлік баланс.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жартыжылдық және жылдық қаржылық есептіліктерге мемлекеттік мекеменің басшысы немесе оның уәкілетті адамы, бас бухгалтері немесе мемлекеттік мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізілуді қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын тұлға қол қояды.

Басшы немесе оның уәкілетті адамы мен бас бухгалтердің немесе бухгалтерлік есепті жүргізуді қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын тұлға қолдарымен бір қатарда міндетті түрде қойылған қол таратып жазылған болуы тиіс (тегі, аты- жөні, әкесінің аты (ол болған жағдайда)).

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2021 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліну) кезінде мүліктік құқықтар мен міндеттемелер біріктіру және қосу кезінде – тапсырып беру актісіне сәйкес, ал бөлген және бөлінген кезде – бөлу балансына сәйкес құқықтық мирасқорға беріледі. Бөлу балансы әр бөлінетін мемлекеттік мекеме үшін бір данадан жасалады.

Тарату кезінде ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысаны бойынша аралық тарату балансы жасалады, онда заңды тұлға мүлкінің құрамы, кредит берушілердің қойған талап арыздарының тізбесі туралы мәліметтер, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері қамтылады.

Кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысаны бойынша тарату балансын жасайды.

Заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган аралық тарату балансын және тарату балансын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының 50-бабында белгіленген тәртіппен бекітеді.

Тарату балансы ұсынылғанға дейін таралатын мемлекеттік мекеме белгіленген мерзімде қаржылық есептілікті ұсынады.

Мемлекеттік мекеме бөлінген кезде жаңа және бұрынғы бағыныстағы бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне мемлекеттік мекеме жыл басынан бастап қайта ұйымдастырылған күнге дейінгі кезеңде осы қағидаларға көзделген барлық қаржылық есептілік нысандарының қосымшаларын қоса қайта ұйымдастыру кезіндегі бухгалтерлік баланс (ҚЕ-6-нысан) ұсынылады.

Мемлекеттік мекемелердің қосылуы мен біріктірілуі кезінде жаңа бағыныстағы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне мемлекеттік мекеме осы қағидаларға көзделген нысандардың толық көлемінде жыл басынан бастап қаржылық есептілік тапсыру актісін қоса бере отырып, қайта ұйымдастыру күніне дейін ұсынылады (негізгі құралдарды қабылдап алу-беру акті, қорлар және тағы басқалары).

Мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру кезінде Бухгалтерлік баланстың (ҚЕ-6-нысан) 4-бағанының шоттары бойынша сальдо, бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің қалдықтары жаңа мемлекеттік мекеменің есеп тіркелімдеріне ауыстырылады.

Жаңадан құрылған және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілікте өткен кезеңнің деректері толтырылмайды.

13. Бір бағыныстан екінші бағынысқа берілетін мемлекеттік мекемелер берілетін күнге қаржылық есептілік жасап, бұрынғы және жаңа бағыныс бойынша жоғары тұрған органға жібереді.

14. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерден қаржылық есептілікті қабылдап алуды және тексеруді осы қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

15. Қаржылық есептілікті жасаған кезде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы қағиданы басшылыққа алу қажет.

2-тарау. Қаржылық есептіліктің нысандарын толтыру кезінде ағымдағы бухгалтерлік есептің шоттарын жабу тәртібі

16. Мемлекеттік мекемелер жартыжылдық, жылдық қаржылық есептілікті тиісті құжаттармен расталған тексерілген бухгалтерлік жазбалардың негізінде жасайды. Баланс жасалғанға дейін синтетикалық есепке алу шоты бойынша айналымдармен және қалдықтармен бірге талдамалық шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарды салыстырып тексеру жүргізіледі. Жартыжылдық және жылдық есептердің нысандары бойынша қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштерді келісу осы қағидалардың қосымшасына сәйкес схема бойынша жүргізіледі.

17. Есепті жылдың аяғындағы бухгалтерлік баланс баптарының деректері жүргізілген түгендеудің нәтижелерімен расталады және бұл ретте айқындалған алшақтықтар жылдық қаржылық есептіліктің есепті күніне дейін түзетіледі.

Түгендеу жүргізу:

жылдық қаржылық есептілікті жасаудың алдында,
материалдық-жауапты тұлғалар ауысқан кезде (қабылдап алу-беру күні),
ұрлық немесе теріс пайдалану, сондай-ақ құндылықтардың бүліну фактілері белгілі болған кезде,

өрт немесе зілзала апаттары жағдайында,

мемлекеттік мекеменің заңды тұлға ретінде таратылуы, қайта ұйымдастырылуы кезінде (біріктірген, қосқан, бөлген және бөлінген кезде) міндетті түрде болады.

Түгендеу кезінде анықталған ұзақ мерзімді активтердің, қорлардың және ақша қаражаттарының іс жүзінде болғаны мен бухгалтерлік есеп деректері арасындағы алшақтығы мынадай тәртіппен реттеледі:

артық болып шыққан ұзақ мерзімді активтер, қорлар мен ақша қаражаттары кейіннен артық шығу себебін анықтай отырып, кіріске алуға жатады;

ұзақ мерзімді активтердің, қорлардың және ақша қаражаттарының анықталған жетіспеушілігі мен ұрлықтардың сомалары, сондай-ақ материалдық құндылықтардың нормадан тыс табиғи залалдардың бүлінуі салдарынан шығын сомалары кінәлі тұлғалардың есебінен өтеледі.

Егер кінәлі адамдар белгіленбеген немесе сот кінәлі адамдардан өндіріп алудан бас тартқан жағдайларда және бүлінуден жетіспеушіліктен болған зияндар мемлекеттік мекеменің шығыстары ретінде есептен шығарылады.

18. Ағымдағы қаржы жылының бюджет түсімдерін есепке жатқызумен және бюджеттен төленентін төлемдерді жүзеге асырумен байланысты операцияларының барлығы ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанында аяқталады. 31 желтоқсанын қоса алғанда ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін пайдаланылмаған жоспарлы тағайындаулардың қалдықтары жойылады.

19. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде бюджет қаражатынан басқа тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша, Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес мемлекеттік мекемелер алатын, олар үшін филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанына қолдау көрсету жөніндегі қызметтен алынатын ақша (бұдан әрі – қайырымдылық көмек), мемлекеттік мекемеге жеке және (немесе) заңды тұлғалар олардың қайтарымылығы шартымен беретін ақшалар не белгілі бір талаптар басталған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аударымдар (бұдан әрі – ақшаны уақытша орналастыру), жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыру үшін ақшалардың түсімдері, сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша арнайы шоттарда шетел валютасындағы қаражат болуы мүмкін.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

20. Дебиторлық берешек сомаларын өндіріп алу, ал кредиторлық берешек – өтелуі керек. Дебиторлармен және кредиторлармен аяқталмаған есеп айырысулар тексерілуі және расталуы қажет.

Есеп беретін тұлғалардан аванстық есептер, сондай-ақ пайдаланылмаған сомалардың қалдықтары уақытылы талап етілуі қажет.

21. Ағымдағы есепке алу шоттарын жабу мынадай тәртіппен жүргізіледі: есепті жылдың аяғында:

6090 "Бюджет қаражатының қалдықтарын қайтару" шотының дебетіне 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1082 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1083 "Өзге де бюджеттердің есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1084 "Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1085 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1088 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы

тағайындаулар", 1089 – "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына нысаналы жарналар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", мұнда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына нысаналы жарналар ескеріледі, 1091 "Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1092 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1094 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шоттарының кредитінен бұдан бұрын ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін кірістер, трансферттер бойынша кірістер, күрделі салымдар, субсидиялар бойынша кірістер ретінде танылған қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар шоттары, 1096 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" бойынша қалдықтар есептен шығарылады;

5012 "Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру" есепті жылы бөлінген қосалқы шотының дебетіне 1087 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредитінен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған пайдаланылмаған жоспарлы тағайындаулар есептен шығарылады;

5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі" шотының дебетіне 6090 "Бюджет қаражатының қалдықтарын қайтару" шотының кредитінен қаржыландыруды қайтару шотын жабу жүргізіледі;

есепті кезеңнің аяғында:

1320 "Аяқталмаған өндіріс" шотының дебетіне аз көлемде өнім шығаратын қосалқы ауыл шаруашылық және өндірістік (оқу) шеберханалары бойынша бұрын 8010 "Өндіріске және өзге мақсаттарға арналған шығындар" шотында есепке алынған өнімнің аяқталмаған бірліктеріне жатқызылатын шығындар сомасы көшіріледі. Келесі есепті кезеңнің басында бұл шығындар кері тізбекпен: 8010 "Өндіріске және өзге мақсаттарға арналған шығындар" шотының дебетіне 1320 "Аяқталмаған өндіріс" шотының кредитінен қалпына келтіріледі;

1330 "Дайын өнім" шотының дебетіне аз көлемде өнім шығаратын қосалқы ауыл шаруашылық және өндірістік (оқу) шеберханалары бойынша бұдан бұрын 8010 "Өндіріске және өзге мақсаттарға арналған шығындар" шотында есепке алынған аяқталған өнімдерге қатысты шығындар сомасы көшіріледі;

Аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген құрылыс және реконструкциялау объектілері бойынша шығындар 2411 "Аяқталмаған құрылыс" шотында бухгалтерлік баланста қалады;

5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі", 5230 "Бюджетке түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шоттарының дебетіне:

7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар", 7020 "Стипендиялар төлеу бойынша шығыстар", 7030 "Қосымша белгіленген зейнетақы жарналарына арналған шығыстар", 7040 "Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар", 7050 "Міндетті сақтандыруға арналған шығыстар", 7060 "Қорлар бойынша шығыстар", 7070 "Іссапарларға арналған шығыстар", 7080 "Коммуналдық төлемдер мен өзге қызметтер бойынша шығыстар", 7090 "Ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар", 7110 "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар", 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар", 7130 "Жал бойынша шығыстар", 7140 "Өзге операциялық шығыстар", 7150 "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар", 7210 "Трансферттер бойынша шығыстар", 7220 "Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу бойынша шығыстар", 7230 "Субсидиялар бойынша шығыстар", 7240 "Жалпы сипаттағы трансферттер бойынша шығыстар", 7250 "Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттері бойынша шығыстар", 7260 "Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар", 7270 "Басқа да трансферттер бойынша шығыстар", 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар", 7320 "Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар", 7330 "Мемлекеттік-женкешелік әріптестік бойынша шығыстар", 7410 "Әділ құнының өзгеруі бойынша шығыстар", 7420 "Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар", 7430 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар", 7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар", 7450 "Резервтерді құру бойынша шығыстар", 7460 "Өзге шығыстар", 7470 "Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-лары бойынша шығыстар", 7480 "Бағалы қағаздарды орналастырудан шығыстар", 7490 "Қорлардың шығыстары" шоттарының кредитінен есептен шығарылады;

5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі", 5230 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шотының кредитіне:

6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер", 6020 "Күрделі салымдарды қаржыландырудан алынатын кірістер", 6030 "Трансферттер бойынша кірістер", 6040 "Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер", 6050 "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер", 6060 "Гранттар бойынша кірістер", 6070 "Қарыздардың түсімдерінен түсетін кірістер", 6080 "Айырбас емес операциялардан алынатын өзге кірістер", 6110 "Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден алынатын кірістер", 6210 "Сыйақылар бойынша кірістер", 6220 "Активтерді басқарудан алынатын өзге де

кірістер", 6310 "Әділ құнның өзгеруінен түсетін кірістер", 6320 "Ұзақ мерзімді активтердің шығуынан алынатын кірістер", 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер", 6340 "Бағамдық айырмадан түсетін кірістер", 6350 "Залалдарды өтеуден алынатын кірістер", 6360 "Өзге кірістер", 6370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерден алынатын кірістер", 6371 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсімдерден түсетін кірістер", 6372 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсімдерден түсетін кірістер", 6373 "Арнаулы мемлекеттік қорына түсімдерден түсетін кірістер", 6374 "Арнаулы мемлекеттік қорға орталық уәкілетті органның түсімдерінен түсетін кірістер", 6375 "Арнаулы мемлекеттік қорға жергілікті уәкілетті органның түсімдерінен түсетін кірістер", 6380 "Бағалы қағаздарды орналастырудан түсетін кірістер";

есепті жылдың аяғында 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі", 5240 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі" шоттарының кредитіне 5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі", 5230 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шоттарының дебеттерінен мемлекеттік мекеменің қаржылық қызметінің оң нәтижесі жазылады;

есепті жылдың аяғында 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі", 5240 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шоттарының дебетіне 5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі", 5230 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шоттарының кредитінен мемлекеттік мекеменің қаржылық қызметінің теріс нәтижесі жазылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

22. Алып тасталды - – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

23. Түпкілікті жазбалардан кейін есептілік кезеңнің аяғына ҚЕ-1-нысан бойынша бухгалтерлік баланс жасалады.

3-тарау. Қаржылық есептіліктің нысандарын толтыру қағидалары

24. "Бухгалтерлік баланс" (ҚЕ-1-нысан) екі бөліктен тұрады: актив және пассив.

Активтер - бухгалтерлік баланстың бірінші бөлігі, екі бөлімнен тұрады: Қысқа мерзімді және Ұзақ мерзімді активтер.

25. "Қысқа мерзімді активтер" бөлімінде мемлекеттік мекемеге тиесілі ақша қаражаты және олардың баламалары, қаржы инвестициялары, қысқа мерзімді дебиторлық берешек, қорлар және бұдан алдыңғы қысқа мерзімді активтердің кіші бөлімдерінде көрсетілмеген өзге активтер көрініс табады.

Бухгалтерлік баланс активінің 010 "Ақша қаражаты және олардың баламалары" жолы (1010, 1020, 1030, 1040, 1050, 1060, 1070, 1080 және 1090 шоттары) бойынша түсімдерді есепке алу мен есеп айырысу үшін ҚБШ-дағы, шетел валютасындағы шоттарында және сыртқы қарыздар мен байланысты гранттардың арнайы шоттарындағы, кассадағы, мемлекеттік мекеменің ағымдағы және есеп айырысу шоттарындағы, міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар, өзге ақша қаражаты көрсетіледі.

011 "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" (1110, 1120, 1130 шоттары) жолы бойынша қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резервті шегергенде, берілген қысқа мерзімді қарыздар мен қаржы инвестицияларының сомасы көрсетіледі.

012 "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" (1210 шоты) жолы бойынша трансферттер, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына нысаналы жарналар, субсидиялар, зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі.

013 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" (1220 шоты) жолы бойынша қайтарылуға тиісті артық аударылған төлемдер нәтижесінде пайда болған бюджет берешегінің сомасы көрсетіледі.

014 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" (1230 шоты) жолы бойынша балаларды музыкалық мектептерде оқыту, мектеп-интернаттарда тәрбиеленушілерді ұстау үшін, нысанды киім үшін, мектептер жанындағы интернаттарда балаларды тамақтандыру үшін арнайы төлемдер түрлері бойынша күмәнді резервтерді шегергенде сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы көрсетіледі.

015 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" (1240 шоты) жолы бойынша басқа мемлекеттік мекемелердің ведомствоішілік және ведомствоаралық есеп айырысу берешектері көрсетіледі.

016 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" (1250 шоты) жолы бойынша берілген қарыздар, қаржылық инвестициялар, жалдау және басқа алынатын сыйақылар бойынша мемлекеттік мекемеге тиесілі қысқа мерзімді сыйақы сомасы көрсетіледі.

017 "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" (1260 шоты) жолы бойынша қызметкерлердің және өзге де

есеп беретін тұлғалардың есеп беретін сомалары және басқа да есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

018 "Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" (1270 шоты) жолы бойынша жалдау төлемдері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

019 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" (1280 шоты) жолы бойынша өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

020 "Қорлар" (1310, 1320, 1330, 1340, 1350, 1360 шоттары) жолы бойынша қорлардың құнсыздануына арналған резервті шегергендегі материалдардың, аяқталмаған өндірістің, дайын өнімнің, тауарлардың "Мемлекеттік мүлік туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы заң) Қазақстан Республикасы заңының 210-бабында көзделген жекелеген негіздер бойынша мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) мүліктің, жолдағы қорлардың қалдығы көрсетіледі.

021 "Берілген қысқа мерзімді аванстар" (1410 шоты) жолы бойынша олармен есеп айырысулар әрбір жекелеген мәміле (тиеу, тауарды жіберу немесе қызмет көрсету) бойынша емес, қаражатты алдын ала тараптармен келісілген мерзімдер мен мөлшерлерде мерзімді аудару жолымен жүзеге асырылатын өнім берушілердің қысқа мерзімді берешектер сомасы көрсетіледі.

022 "Өзге қысқа мерзімді активтер" (1420, 1430 шоттары) жолы бойынша алдағы кезеңдердің шығыстарының сомасы мен өзге қысқа мерзімді активтер көрсетіледі.

023 "Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" (1291 шоты) жолы бойынша бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40; 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. 100 "Қысқа мерзімді активтердің жиыны" жолы бойынша 010, 011, 012, 013, 014, 015, 016, 017, 018, 019, 020, 021, 022, 023-жолдарының қорытынды сомасы көрсетіледі.

27. "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінде қаржылық инвестициялар, ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер, негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыс пен күрделі салымдар, инвестициялық жылжымайтын мүлік, биологиялық активтер, материалдық емес активтер және басқа ұзақ мерзімді активтер көрсетіледі.

110 "Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялары" (2110, 2120, 2130) жолы бойынша ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың құнсыздануына арналған резервті шегергенде ұзақ мерзімді қарыздар мен қаржылық инвестициялар көрсетіледі.

111 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі" (2210) жолы бойынша сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы көрсетіледі.

112 "Жал бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" (2220) жолы бойынша жалдаушылардың қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы көрсетіледі.

113 "Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер" (2230) жолы бойынша бухгалтерлік баланстың басқа баптарына енгізілмеген басқа ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

114 "Негізгі құралдар" (2310, 2320, 2330, 2340, 2350, 2360, 2370, 2380, 2390) жолы бойынша баланстық құны бойынша жер, ғимараттар, құрылыстар, беру құрылғылары, көлік құралдары, машиналар мен жабдықтар және басқа негізгі құралдар (жинақталған амортизация және негізгі құралдарды құнсыздануына арналған резервті шегергендегі бастапқы құны) көрсетіледі.

115 "Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар" (2410) жолы бойынша есеп беру күніне құрылыс циклі аяқталмаған және пайдалануға тапсырылмаған объектілердің құны, құрылысқа, реконструкцияға және негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді сатып алуға жинақталған шығындар сомасы көрсетіледі.

116 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" (2510, 2520) жолы бойынша жинақталған амортизацияны және инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануына арналған резервті шегергендегі инвестициялық жылжымайтын мүліктің, құны көрсетіледі.

117 "Биологиялық активтер" (2610, 2620, 2630) жолы бойынша жинақталған амортизацияны және биологиялық активтердің құнсыздануына арналған резервті шегергендегі жануарлардың, көпжылдық екіпелердің құны көрсетіледі.

118 "Материалдық емес активтер" жолы бойынша жинақталған амортизация мен материалдық емес активтердің құнсыздануына арналған резервтері шегерілгендегі (2710, 2720) материалдық емес активтердің (жерді, суды, пайдалы қазбаларды және басқа табиғи ресурстарды, ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды пайдалану құқықтары; лицензиялар, тауарлық белгілер мен тауарлық маркаларға құқықтар, сондай-ақ басқа мүліктік құқықтар, гудвилл, бағдарламалық қамтамасыз ету және басқалар) құны көрсетіледі.

119 "Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" (2120) жолы бойынша үлестік қатысу әдісі бойынша есепке

алынатын квазимемлекеттік сектор субъектілеріне ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар көрсетіледі.

120 "Өзге ұзақ мерзімді активтер" (2810) алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген басқа ұзақ мерзімді активтердің құны көрсетіледі.

28. 200 "Ұзақ мерзімді активтердің жиыны" жолы бойынша 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120-жолдардың қорытынды сомасы көрсетіледі.

29. "Баланс" жолы мемлекеттік мекеме активтерінің жалпы құнын көрсетеді (100-жол қосу 200-жол).

30. Бухгалтерлік баланстың пассиві үш бөлімнен тұрады: "Қысқа мерзімді міндеттемелер", "Ұзақ мерзімді міндеттемелер", "Таза активтер/капитал".

31. "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімінде қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, бюджеттік төлемдер мен салықтар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бағалау мен кепілдік міндеттемелері, өзге қысқа мерзімді міндеттемелер көрсетіледі.

210 "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелері" (3010, 3020, 3030 және 3040 шоттары) жолы бойынша алынған қысқа мерзімді сыртқы және ішкі қарыздар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қаржылық міндеттемелер және өзге де қаржылық міндеттемелер сомасы көрсетіледі.

211 "Бюджеттен төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3110 шоты) жолы бойынша есептелген, төленуге тиесілі, бірақ есепті кезеңнің соңында қандай да бір себептермен төленбеген халыққа әлеуметтік төлемдер мен әлеуметтік көмек, сондай-ақ аударылмаған трансферттер мен субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

212 "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3120 шоты) жолы бойынша бюджетке енгізілуі тиіс, бірақ есепті кезеңнің соңында қандай да бір себептермен аударылмаған салықтар бойынша берешек сомасы, сондай-ақ бюджетке аударуға жататын басқа да сомалар көрсетіледі.

213 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3130 шоты) жолы бойынша ұзақ мерзімді активтерді өткізуден, ақылы көрсетілетін қызметтер және өзге де операциялар бойынша сметадан тыс түсімдерден бюджетке тиесілі кірістер бойынша мемлекеттік мекеменің қысқа мерзімді міндеттемелерінің сомасы көрсетіледі.

214 "Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3140, 3150 шоттары) жолы бойынша қызметкердің табысынан ұсталған және "Азаматтар үшін үкімет" мемлекеттік корпорациясына аударылмаған зейнетақы жарналарының сомасы, мемлекеттік мекеменің мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарды

төлеу бойынша берешегі, сақтандыру төлемдері бойынша, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналарбойынша берешектері көрсетіледі.

215 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3210 шоты) жолы бойынша олар берген қорлар, ұзақ мерзімді активтер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

216 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3220 шоты) жолы бойынша ведомствоішілік және ведомствоаралық есеп айырысулар бойынша басқа мемлекеттік мекемелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

217 "Стипендиаттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3230 шоты) жолы бойынша жоғары оқу орындарының студенттері мен аспиранттары және мектептердің, колледждердің және басқа да оқушыларына стипендиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

218 "Қызметкерлер мен өзге де есеп беретін тұлғаларға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3240 шоты) жолы бойынша еңбекақы төлеу және басқа да ақшалай төлемдер бойынша (атқару құжаттары, депоненттелген сома, уақытша еңбекке жарамсыздығы үшін жәрдемақы, мүшелік кәсіподақтар жарнасы сомаларының қолма-қол аударымдары бойынша және шоттарға банктерге салымдар, пайдаланылмаған демалыстар, Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы заңнамасына сәйкес өзге тұлғаларға берілетін іссапар шығыстары бойынша) қысқа мерзімді кредиторлық берешек және қызметкерлері мен өзге де есеп беретін тұлғалар алдындағы өзге де берешектер сомасы көрсетіледі.

219 "Төлеуге қысқа мерзімді сыйақылар" (3250 шоты) жолы бойынша есепті күнге алынған қарыздар бойынша қысқа мерзімді сыйақылар және өзге сыйақылар бойынша берешек сомасы көрсетіледі.

220 "Жалға беру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3260 шоты) жолы бойынша есепті күнге қысқа мерзімді жалға алу төлемдері бойынша берешек сомасы көрсетіледі.

221 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3270 шоты) жолы бойынша уақытша орналастыратын ақшалар бойынша қызметкер жұмыстан босаған, стипендианттың оқу мерзімі аяқталған, атқару құжаттың пайдалану мерзімі аяқталған немесе мерзімі бір жылға дейінгі басқа да құжаттарға байланысты, қолма-қол тиындарды ақша айналымынан алу себептері бойынша жағдайларда төленбеген немесе артығымен төленген тиындар сомасы, Жәбірленушілерге

өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан өтемақы төлемдері бойынша берешек және өзге де кредиторлық берешек көрсетіледі.

222 "Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері" (3310, 3320 шоттары) жолы бойынша қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелерінің сомасы көрсетіледі.

223 "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" (3410, 3420 шоттары) жолы бойынша алынған аванстар мен өзге міндеттемелер бойынша қалдықтар көрсетіледі.

224 "Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (3280 шоты) жолы бойынша бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

32. 300 "Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны" жолы бойынша 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 224-жолдарының қорытынды сомасы көрсетіледі.

33. "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімінде ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер, ұзақ мерзімді кредиторлық берешек, ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері, өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер көрсетіледі.

310 "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" (4010, 4020, 4030 және 4040) жолы бойынша алынған сыртқы және ішкі қарыздардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қаржылық міндеттемелер мен өзге де қаржылық міндеттемелер сомасы көрсетіледі.

311 "Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" (4110) жолы бойынша олар берген қорлар, ұзақ мерзімді активтер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін өнім берушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

312 "Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" (4120) жолы бойынша жалдау төлемдері бойынша алдағы мерзімдерге жататын есепті кезеңге берешек сомасы көрсетіледі.

313 "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" (4130) жолы бойынша бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық міндеттемелер сомасы көрсетіледі.

314 "Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері" (4210, 4220) жолы бойынша ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері сомасы көрсетіледі.

315 "Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер" (4310, 4320) жолы бойынша алдағы кезеңдердің кірістері мен өзге ұзақ мерзімді міндеттемелердің қалдықтары көрсетіледі.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

34. 400 "Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны" жолы бойынша 310, 311, 312, 313, 314, 315-жолдардың қорытынды сомасы көрсетіледі.

35. "Таза активтер/капитал" бөлімінде сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар, қаржыландырулар сомасы, ағымдағы қызмет нәтижесінде пайда болған резервтер, мемлекеттік мекеменің жинақталған қаржылық нәтижесі есебінен қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

410 "Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру" (5012 шоты) жолы бойынша сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

411 "Резервтер" (5110 шоты) жолы бойынша резервтер бойынша: негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, қаржы инвестицияларын қайта бағалауға, шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған қалдықтар және де өзге резервтер көрсетіледі.

412 "Жинақталған қаржылық нәтиже" (5220 және 5240 шоты) жолы бойынша есепті жылды қоса алғанда, мемлекеттік мекеменің қаржылық нәтижесі өсу қорытындысымен көрсетіледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

36. 500 "Таза активтердің/капиталдың жиыны" жолы бойынша 410, 411 және 412-жолдарының қорытынды сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

37. "Баланс" жолы мемлекеттік мекеменің міндеттемелері мен таза активтері/капиталының жалпы құнын көрсетеді (300-жол қосу 400-жол қосу 500-жол).

38. Баланстан тыс шоттарда мемлекеттік мекемелерге тиесілі емес, бірақ уақытша оның пайдалануындағы немесе билігіндегі құндылықтар, сондай-ақ қатаң есептегі бланктері, жауапты сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар, баланстан тыс шоттарда ескерілген демалыс үйлеріне жолдамалар мен басқа да активтер көрініс табады.

610, 620, 630, 640, 650, 660, 670, 680 және 690-жолдары бойынша жолдардың нөмірлеріне сәйкес материалдық құндылықтар, жалға алынған активтер мен

басқа де баланстан тыс активтер есепке алынған баланстан тыс активтер санамаланған.

Ескеру. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп" (ҚЕ-2-нысан) есепті кезеңнің кірістері мен шығыстары және қаржылық нәтижелері туралы ақпаратты білдіреді. 4 "Өткен кезең" бағаны өткен жылдың ұқсас кезеңі үшін толтырылады.

40. 100 "Кірістер, барлығы" жолы 010, 021, 030 және 040-жолдарының сомасын көрсетеді.

010 "Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер" жолы бойынша 011, 012, 013, 014, 016, 017, 018, 019, 020, 020-1, 020-2 және 020-3-жолдарының сомасы көрсетіледі.

011 "Ағымдағы қызметті қаржыландыру" (6010 шоты) жолы бойынша мемлекеттік мекемені және ағымдағы қызметін ұстауға басқа бюджеттер есебінен жеке қаржыландыру жоспары бойынша, республикалық бюджетке тауарлардың құны түріндегі түсімдермен байланысты операциялар бойынша бөлінген бюджеттік қаржыландыру сомасы көрсетіледі. Ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін кірістер, мемлекеттік мекеме есепті жылдың аяғында бюджетке қайтарған 6090 "Бюджет қаражатының қалдықтарын қайтару" шотында көрсетілген пайдаланылмаған қаражат қалдығын шегере отырып көрсетіледі.

012 "Күрделі салымдарды қаржыландыру" (6020 шоты) жолы бойынша күрделі салымдар бойынша бюджеттік қаржыландыру сомасы мемлекеттік мекеме бюджетке қайтарған 6090 "Бюджет қаражатының қалдықтарын қайтару" шотында көрсетілген есепті жылдың аяғында пайдаланылмаған қаражат қалдығы шегеріле отырып көрсетіледі.

013 "Қарыздардың түсімдерінен түсетін кірістер" (6070 шоты) жолы бойынша сыртқы және ішкі қарыздар түсімінен кірістер көрсетіледі.

014 "Трансферттер бойынша кірістер" (6030 шоты) жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлемі түріндегі жеке тұлғаларға трансферттерді қоспағанда, мемлекеттік мекеме қайтарған 6090 "Бюджет қаражатының қалдықтарын қайтару" шотында көрсетілген есепті жылдың аяғында пайдаланылмаған қаражат қалдығын шегере отырып, трансферттер бойынша бюджеттік қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

015 "Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер" (6034 қосалқы шоты) жолы бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті

мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға арналған трансферттер бойынша бюджеттік қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

016 "Субсидиялар" (6040 шоты) жолы бойынша мемлекеттік мекеме бюджетке қайтарған 6090 "Бюджет қаражатының қалдықтарын қайтару" шотында көрсетілген есепті жылдың аяғында пайдаланылмаған қаражат қалдығы шегеріле отырып, субсидиялар бойынша бюджеттік қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

017 "Қайырымдылық көмектен түсетін кірістер" (6050 шоты) жолы бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақшалай түсімдер мен басқа активтер түрінде алынған мемлекеттік мекемелер үшін филантропиялық және (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық және (немесе) кіші отанына қолдау көрсету жөніндегі қызметтен алынатын кірістер көрсетіледі.

018 "Гранттар" (6060 шоты) жолы бойынша түскен гранттар сомасы көрсетіледі.

019 "Өзгелер" (6083, 6084 және 6086 шоттары) жолы бойынша облыстық бюджеттен және (немесе) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен түскен трансферттер бойынша кірістер және Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыру үшін басқа көздерден түскен өзге де кірістер сомасы, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау үшін бөлінген бюджеттік қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

020 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден түсетін кірістер" (6081 қосалқы шоты) жолы бойынша бюджетке салықтық түсімдерден және бюджетке кедендік төлемдер мен салықтар сомасы көрсетіледі.

020-1 "Айыппұлдардан, өсімпұлдардан және санкциялардан түсетін кірістер" (6082 қосалқы шоты) жолы бойынша айыппұлдардан, өсімпұлдардан және санкциялардан түсетін кірістер сомасы көрсетіледі.

020-2 "Басқа да салықтық емес кірістер" (6082 қосалқы шоты) жолы бойынша басқа жолдарға енгізілмеген салықтық емес түсімдерден түсетін кірістер сомасы көрсетіледі.

020-3 "Бюджетке трансферттер түсімі" (6085 қосалқы шоты) жолы бойынша басқа мемлекеттік басқару деңгейлерінен, оның ішінде субвенциялардан және бюджеттік алып қоюлардан, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін түсімдерден трансферттердің сомасы, нысаналы трансферттер мен республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін басқа да трансферттер сомасы көрсетіледі.

021 "Айырбас операциялардан алынатын кірістер" (6110 шоты) жолы бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді және мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды өткізуден түсетін кірістер көрсетіледі;

030 "Активтерді басқарудан алынатын кірістер" жолы бойынша 031 және 032 -жолдарының сомасы көрсетіледі.

031 "Сыйақылар" (6210 шоты) жолы бойынша берілген қарыздар, қаржылық жалдау және қысқа мерзімді қаржылық салымдар бойынша сыйақылардан түскен кірістер сомасы көрсетіледі.

032 "Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер" (6220 шоты) жолы бойынша активтерді басқарудан түсетін өзге де кірістер, оның ішінде дивидендтер, инвестиция объектілерінің таза кірісінің бір бөлігі, операциялық жалдаудан түскен кірістер сомасы көрсетіледі.

040 "Өзге кірістер" (6330, 6350, 6360 және 6370 шоттары) жолы бойынша активтерді, үшінші тараптардан өтемақыларды (бұрын танылған активтердің құнсыздануынан түскен залалдар) түскен кірістер, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін түсімдерден алынатын кірістер және өзге операциялардан алынған кірістер көрсетіледі.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

41. 200 "Шығыстар, барлығы" жолы 110, 130, 137, 140, 150 және 151-жолдарының сомасын көрсетеді.

110 "Мемлекеттік мекеменің шығыстары" жолы бойынша 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122 және 123-жолдарының сомасы көрсетіледі.

111 "Еңбекақы төлеу" (7010 және 7030 шоттары) жолы бойынша мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары бойынша есептелген резервтер бойынша шығыстардың сомасы және еңбекақы төлеу бойынша басқа да шығыстар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

112 "Стипендиялар" (7020 шоты) жолы бойынша есептелген стипендиялар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

113 "Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер" (7040 шоты) жолы бойынша әлеуметтік салық және бюджетке тиесілі әлеуметтік аударымдар бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

114 "Қорлар бойынша шығыстар" (7060 шоты) жолы бойынша есепті кезең ішінде мемлекеттік мекеменің мұқтажы үшін пайдаланылған және басқа ұйымдарға сатылған қорлардың құны көрсетіледі.

115 "Іссапар шығыстары" (7070 шоты) жолы бойынша мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің және мемлекеттік мекеме қызметкерлері болып табылмайтын адамдардың іссапарларына (ел ішінде және одан тыс жерлерге) байланысты есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

116 "Коммуналдық шығыстар" (7080 шоты) жолы бойынша коммуналдық қызметтер (газ, су, электр энергиясы, жылу) үшін есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

117 "Жалға алу төлемдері" (7130 шоты) жолы бойынша операциялық жалға алу бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

118 "Ұзақ мерзімді активтерді ұстау" (7090 шоты) жолы бойынша ұзақ мерзімді активтерді ағымдағы жөндеуге есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

119 "Байланыс қызметтері" (7080 шоты) жолы бойынша байланыс қызметтері бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

120 "Активтер амортизациясы" (7110 шоты) жолы бойынша ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

121 "Активтердің құнсыздануы" (7440 шоты) жолы бойынша активтердің құнсыздануы бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

122 "Өзге де операциялық шығыстар" (7050, 7120 және 7140 шоттары) жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлемдер түріндегі жеке тұлғаларға трансферттер бойынша, сақтандыру төлемдері бойынша, ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен кірістерді бюджетке беру, ақылы қызметтерден бюджетке сметадан тыс түсімдер мен басқа операциялық шығыстар бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

123 "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар" (7150 шоты) жолы бойынша Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

130 "Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар" жолы бойынша 131, 132, 133, 134, 135, 136 және 136-1-жолдардың сомасы көрсетіледі.

131 "Зейнетақылар мен жәрдемақылар" (7220 шоты) жолы бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы төленген зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша есептелген шығыстар сомасы көрсетіледі.

132 "Субсидиялар" (7230 шоты) жолы бойынша жеке және заңды тұлғаларға төленген субсидиялар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

133 "Нысаналы трансферттер" (7210 шоты) жолы бойынша нысаналы трансферттер бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

134 "Жалпы сипаттағы трансферттер" (7240 шоты) жолы бойынша жалпы сипаттағы трансферттер бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

135 "Жеке тұлғаларға трансферттер" (7210 шоты) жолы бойынша мемлекеттік мекеменің қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларға трансферттер бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

136 "Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер" (7250 шоты) жолы бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілген трансферттер бойынша бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган шығыстарының сомасы көрсетіледі.

136-1 "Өзге де трансферттер" (7270 шоты) жолы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін трансферттер бойынша есептелген шығыстар сомасы көрсетіледі.

137 "Бюджетке түсімдерді азайту бойынша шығыстар" (7260 шоты) жолы бойынша бұрын төлеушілермен есеп айырысулар бойынша және Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше мемлекеттер алдында бөлінетін кеден баждары бойынша есептелген кірістерді түзету кезінде туындайтын бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің азаюы бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

140 "Активтерді басқару бойынша шығыстар" жолы бойынша 141 және 142 жолдарының сомасы көрсетіледі.

141 "Сыйақылар" (7310 шоты) жолы бойынша алынған қарыздар (вексельдер, облигациялар), мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары мен қаржылық жалдау бойынша есептелген сыйақылар бойынша шығыстар көрсетіледі.

142 "Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар" (7320 және 7330 шоты) жолы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша есептелген шығыстардың және есептің басқа баптарында көрсетілмеген активтерді басқарудан шығыстардың сомасы көрсетіледі.

150 "Өзге шығыстар" (7450, 7460 және 7490 шоттары) жолы бойынша күмәнді борыштар бойынша резерв құру бойынша, қорлар бойынша шығыстар және өзге де шығыстар көрсетіледі.

151 "Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстары" (7470 шоты) жолы бойынша бюджеттік кредит беру мен

қарыздарды өтеуге аударылғанды шегерумен, тиісті бюджеттің ҚБШ-сынан жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 29.06.2023 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

42. 210 "Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін инвестициялар бойынша таза табыс немесе шығындар үлесі" (6220 және 7320) жолы бойынша инвестиция объектісінің пайдасындағы (шығынындағы) қатысу үлесі көрсетіледі.

220 "Ұзақ мерзімді активтердің шығуы" (6320 және 7420) жолы бойынша активтерді өтеусіз беруден немесе есептен шығарудан түскен қаржылық нәтиже көрсетіледі.

230 "Бағамдық айырма" (6340 және 7430) жолы бойынша есепте валюталардың әртүрлі айырбас бағамдарын пайдалана отырып есептілік валютасында көрсетілген шетелдік валюта бірліктерінің бірдей санын көрсету нәтижесінде туындаған бағамдық айырма бойынша қаржылық нәтиже көрсетіледі.

240 "Өзгелер" (6310, 6380, 7410 және 7480) жолы бойынша әділ құнды өзгертуден және борыштық бағалы қағаздарды орналастырудан қаржылық нәтиже көрсетіледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

43. "Қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп" (тікелей әдіс) (ҚЕ-3-нысан) қаржыландыру көздері бойынша ақша қаражатының ағыны және тікелей әдісті пайдалана отырып, қызмет түрлері бойынша сыныптау туралы ақпаратты білдіреді, 4 "Өткен кезең" бағаны өткен жылдың ұқсас кезеңі үшін толтырылады.

44. Есеп үш бөлімнен тұрады: Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы, Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы, Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы.

Операциялық қызмет – мемлекеттік мекеменің инвестициялық немесе қаржылық қызметіне жатқызылуы мүмкін емес қызмет.

Қаржылық қызмет – оның нәтижесінде мемлекеттік мекеменің қарыз қаражатының мөлшері мен құрамында өзгерістер туындайтын қызмет.

Инвестициялық қызмет – ақша баламаларына жатпайтын ұзақ мерзімді активтерді және басқа инвестицияларды сатып алу және сату.

45. "Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы" бөлімінде қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің ақша шоттарына ақшалай қаражаттың түсуі және шығыстардың түрлері бойынша олардың шығуы көрініс табады.

46. 100 "Ақша қаражатының түсуі, барлығы" жолы 010, 017, 020, 030, 040, 050, 060, 070 және 071-жолдарының сомасы көрсетіледі.

010 "Бюджеттен қаржыландыру" жолы бойынша 011, 012, 013, 014, 015 және 016-жолдарының сомасы көрсетіледі.

011 "Ағымдағы қызметке" жолы бойынша республикалық (жергілікті) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспары бюджеттен бөлінген қаржыландыру көрсетіледі.

012 "Күрделі салымдарға" жолы бойынша күрделі салымдар үшін бюджеттен бөлінген қаржыландыру көрсетіледі.

013 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттардың есебінен" жолы бойынша сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар бойынша алынған қаржыландыру көрсетіледі.

014 "Трансферттер" жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлем түріндегі жеке тұлғаларға трансферттерді қоспағанда, трансферттер бойынша алынған қаржыландыру көрсетіледі.

015 "Субсидиялар" жолы бойынша субсидиялар бойынша алынған қаржыландыру көрсетіледі.

016 "Өзгелер" жолы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау үшін және есептің алдыңғы баптарында көрсетілмеген басқа баптары бойынша қаржыландыру көрсетіледі.

017 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар" жолы бойынша сыртқы қарыздар мен байланысты гранттың арнайы шотына қаражат түсімі көрсетіледі.

020 "Қайырымдылық көмектен түсетін ақша бойынша" жолы бойынша ҚБШ-на Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес мемлекеттік мекемелер алатын олар үшін филантропиялық және (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанына қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін ақшалай қаражат көрсетіледі.

030 "Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатудан" жолы бойынша сатудан түскен ақша қаражаты және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден, оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды өткізуден бюджетке ақшалай қаражат түсімдері көрсетіледі.

040 "Алынған сыйақылар" жолы бойынша банк шоттарына қаражат орналастырғаны үшін мемлекеттік мекеменің ақшалай шотына алынған пайыздар

, берілген қарыздар (бюджеттік кредиттер) бойынша сыйақылар және өзге де сыйақылар көрсетіледі.

050 "Уақытша орналастырылған ақша бойынша" жолы бойынша ҚБШ-ға ақшаны уақытша орналастырылған ақша бойынша ақша қаражаты көрсетіледі.

060 "Өзге түсімдер" жолы бойынша Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес бөлінетін әкелу кеден баждары мен төлемдердің түсімдері және мемлекеттік мекеменің шоттарына өзге де ақшалай қаражат түсімдері көрсетіледі.

070 "Жергілікті өзін-өзі басқару ақшалары бойынша" жолы бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару функциясын іске асыру үшін ақша түсімі көрсетіледі.

071 "Бюджетке түсімдер бойынша" жолы бойынша банк шоттарына бюджет қаражатын орналастырғаны үшін және мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақыларды, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден бюджетке ақшалай қаражат түсімдерін қоспағанда, бірыңғай қазынашылық шоттан республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттің ҚБШ-на салықтық және салықтық емес түсімдерді, трансферттерді есепке жатқызу көрсетіледі.

071-1 "Салықтар түріндегі ақшалай қаражат түсімдері" жолы бойынша салықтық түсімдер мен кедендік төлемдер, және салықтар түріндегі ақшалай қаражат түсімі көрсетіледі.

071-2 "Айыппұлдар, өсімпұлдар мен санкциялар түріндегі ақшалай қаражат түсімдері" жолы бойынша мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар және өндіріп алулар түріндегі ақшалай қаражат түсімі көрсетіледі.

071-3 "Трансферттер түсімі" жолы бойынша басқа мемлекеттік басқару деңгейлерінен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін трансферттер түріндегі ақшалай қаражат түсімі көрсетіледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

47. 200 "Ақша қаражатының шығуы, барлығы" жолы 110, 120, 130, 140, 150, 160, 170, 180, 191 және 192-жолдарының сомасын көрсетеді.

110 "Еңбекақы төлеу" жолы бойынша аударылған еңбекақылары, еңбек демалыс ақылары, өтемақы төлемдері бойынша ақшалай төлемдер және уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлемдер көрсетіледі.

120 "Зейнетақылар мен жәрдемақылар" жолы бойынша Қазақстан Республикасының әлеуметтік заңнамасында белгіленген зейнетақылар және жәрдемақылар бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

130 "Бюджетке салықтар мен төлемдер" жолы бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

140 "Жеткізушілерге және мердігерлерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін" жолы бойынша қорлардың, жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің жеткізушілері және мердігерлеріне ақшалай төлемдер көрсетіледі.

150 "Тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар" жолы бойынша көрсетілетін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін берілген аванстар бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

160 "Трансферттер, субсидиялар" жолы бойынша трансферттер (мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлемдер түрінде төленген жеке тұлғаларға трансфертерден басқа), оның ішінде республикалық бюджеттен Ұлттық қорға берілетін трансферттер мен субсидиялар түріндегі ақшалай төлемдер көрсетіледі.

170 "Сыйақылар" жолы бойынша сыйақылар түріндегі ақшалай төлемдер көрсетіледі.

180 "Жыл соңында міндеттемелерді қабылдауға жоспарлы тағайындауларды жабу" жолы бойынша есепті жылдың аяғында пайдаланылмаған қаржыландыру жоспарының сомасы, сондай-ақ сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар бойынша жоспарлы тағайындауларды жабу көрсетіледі.

190 "Өзге төлемдер" жолы бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлем түріндегі жеке тұлғаларға трансферттер, шетелге трансферттер, стипендиялар, іссапар шығыстары, сақтандыру және жалдау төлемдері, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар, табыс салығын қоспағанда, жалақыдан ұсталған барлық төлемдер, жоғары тұрған бюджетке берілген трансферттерді қайтару бойынша ақшалай төлемдер, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге әкелу кеден баждары мен төлемдерді аударумен байланысты ақша қаражатының шығуы және алдыңғы баптарда көрсетілмеген ақшалай шоттар бойынша басқа да төлемдер көрсетіледі.

191 "Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстар" жолы бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-нан ақшалай төлемдер көрсетіледі.

192 "Бюджет түсімдерін қайтару" жолы бойынша салық төлеушілерге түсімдер сомасын қайтаруды (есепке жатқызуды) көрсетуге арналған.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40; бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 19.02.2021 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 01.07.2024 № 409 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

48. 300 "Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы" жолы бойынша ақша түсімдері мен ақша төлемдері (100-жол минус 200-жол) арасындағы айырмашылық көрсетіледі. Оң айырмашылық әдеттегідей көрсетіледі, ал теріс жақшаларға алынып көрсетіледі (бұдан кейінгі есеп айырысуларда шегеріледі).

49. "Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы" бөлімінде ұзақ мерзімді активтермен және қаржылық құралдармен операциялар бойынша ақша қаражатының түсімдері мен төлемдері көрсетіледі.

50. 400 "Ақша қаражатының түсуі, барлығы" жолы 310, 320, 330, 340 және 350-жолдарының сомасын көрсетеді.

310 "Ұзақ мерзімді активтерді сату" жолы бойынша мемлекеттік мекемеге бекітілген мемлекеттік мүлікті өткізуден және материалдық емес активтерді сатудан түскен ақша түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

320 "Бақыланатын және басқа субъектілердің үлестерін сату" жолы бойынша бақыланатын және басқа субъектілердің капиталдағы үлестерін сатудан түскен ақша түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

330 "Бағалы қағаздарды сату" жолы бойынша бағалы қағаздарды сатудан түскен ақша түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

340 "Қарыздарды өтеу" жолы бойынша берілген қарыздарды өтеу сомасы көрсетіледі.

350 "Өзгелер" жолы бойынша инвестициялық қызметтен басқа түсімдер бойынша ақша қаражатының сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

51. 500 "Ақша қаражатының шығуы – барлығы" жолы 410, 420, 430, 440, 450, 460-жолдардың қосындысын көрсетеді.

410 "Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу" жолы бойынша ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға арналған ақша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

420 "Бақыланатын және басқа субъектілердің үлестерін сатып алу" жолы бойынша бақыланатын және басқа субъектілердің капиталдағы үлестерін сатып алуға арналған ақша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

430 "Бағалы қағаздарды сатып алу" жолы бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға арналған ақша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

440 "Квзимемлекеттік субъектілердің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру" жолы бойынша квазимемлекеттік субъектілердің жарғылық капиталына салынған ақша салымдарының сомасы көрсетіледі.

450 "Берілген қарыздар" жолы бойынша берілген қарыздар бойынша ақша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

460 "Өзгелер" жолы бойынша басқа инвестициялық қызметтен шыққан ақша қаражатының сомасы, соның ішінде материалдық емес активтерге аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар көрсетіледі.

52. 600 "Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы" жолы бойынша ақша түсімдері мен ақшалай төлемдердің арасындағы айырмашылық көрсетіледі (400-жол минус 500-жол). Оң айырмашылық әдеттегідей көрсетіледі, ал теріс жақшаларға алынып көрсетіледі (бұдан кейінгі есеп айырысуларда шегеріледі).

53. "Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы" бөлімінде қарыздарды алу және өтеу көрініс табады.

54. 700 "Ақша қаражатының түсуі – барлығы" жолы 610, 620-жолдардың сомасын көрсетеді.

610 "Қарыз алу" жолы бойынша мемлекеттік мекеменің алған қарыздарының сомасы көрсетіледі.

620 "Өзгелер" жолы бойынша есептің басқа баптарында көрсетілмеген өзге түсімдер бойынша түскен ақша қаражатының сомасы көрсетіледі.

55. 800 "Ақша қаражатының шығуы, барлығы" жолы 710 және 720-жолдардың сомасын көрсетеді.

710 "Қарыздарды өтеу" жолы бойынша қарыздарды өтеуге ақшалай төлемдер көрсетіледі.

720 "Өзгелер" жолы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындауға және қаржылық қызметтен түскен өзге де шыққан ақша қаражаты көрсетіледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

56. 900 "Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы" жолы бойынша ақша түсімдері мен ақшалай төлемдердің арасындағы айырмашылық көрсетіледі (700-жол минус 800-жол). Оң айырмашылық әдеттегідей көрсетіледі, ал теріс жақшаларға алынып көрсетіледі (бұдан кейінгі есеп айырысуларда шегеріледі).

57. 910 "Ақша қаражаттарының ұлғаюы +/– азаюы" жолы бойынша операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысының сомасы көрсетіледі (300-жол +/– 600-жол +/– 900-жол). Осы кезде бұл сома 920, 930-жолдардың айырмасына 911-жолдың сомасын қоса алғанда тең болуы тиіс.

58. 911 "Таза бағамдық айырма" жолы бойынша есепті кезеңнің басы мен аяғындағы ақшалай қаражаттың сальдосын салыстыру үшін шетелдік валютаның

ақшалай қаражат пен олардың баламаларының валюталық бағамның өзгеруінен пайда болатын таза бағамдық айырма(+/-оң/теріс) көрсетіледі.

59. 920 "Кезеңнің басындағы ақша қаржаты" жолы бойынша есепті кезеңнің басындағы ақша қаражатының қалдығы көрсетіледі.

60. 930 "Кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты" жолы бойынша есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражатының қалдығы көрсетіледі.

61. "Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп" (ҚЕ-4-нысан) есепті кезеңдегі бухгалтерлік баланстың "Таза активтер/капитал" бөлімінің баптары бөлінісінде жасалады, 070, 080, 090, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 110 және 120-жолдары өткен жылдың осыған ұқсас кезеңіне толтырылады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

62. 010 "Есепті кезеңнің басындағы сальдо" жолы бойынша ағымдағы кезеңнің бухгалтерлік балансының тиісті баптары бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдықтар көрсетіледі.

63. 020 "Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету" есепті кезеңнің ішінде есеп саясатының өзгеруіне және қателерді түзетуге қаржылық нәтижені түзету сомасы көрсетіледі.

64. 030 "Қайта есептелген сальдо" (010-жол +/- 020-жол) жолы бойынша есеп саясатының өзгеруіне және қателерді түзетуге арналған есепті кезеңнің түзетілген сальдосы көрсетіледі.

65. 040 "Есепті кезеңдегі таза активтердегі/капиталдағы өзгерістер" жолы бойынша 041, 042, 043, 044, 045, 046, 047, 048-жолдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

041 "Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы" жолы бойынша есепті кезеңдегі мемлекеттік мекеменің ұзақ мерзімді активтерін, сондай-ақ өткен жылдардағы қаржылық нәтижеге ұзақ мерзімді активтерді жете бағалауды есептен шығару сомасын ұлғайту сомасы көрсетіледі.

042 "Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға арналған резервтердің азаюы" жолы бойынша есепті кезеңдегі мемлекеттік мекеменің ұзақ мерзімді активтерін, сондай-ақ өткен жылдардағы қаржылық нәтижеге ұзақ мерзімді активтерді жете бағалауды есептен шығару сомасын азайту сомасы көрсетіледі.

043 "Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы" жолы бойынша есепті кезеңде сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға арналған резервтерді ұлғайту сомасы көрсетіледі.

044 "Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің азаюы" жолы бойынша есепті кезеңде сату үшін қолда

бар қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға арналған резервтерді азайту сомасы көрсетіледі.

045 "Өзге резервтер" жолы бойынша есепті кезеңдегі басқа резервтердің сомасы көрсетіледі.

046 "Шетелдік қызметті қайта есептеу бойынша айырбас бағамдардың айырмалары" жолы бойынша есепті кезеңде мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігімен шоғырландыру үшін шетелдік қызмет бойынша қаржылық есептерді қайта санау кезінде туындаған бағамдық айырма бойынша резервті ұлғайту/азайту сомасы көрсетіледі.

047 "Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың ұлғаюы" жолы бойынша сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен күрделі салымға бюджеттен қаржыландыру арқылы алынған сомасы көрсетіледі.

048 "Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың азаюы" жолы бойынша жыл аяғында есептен шығарылатын сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

66. 050 "Есепті кезеңдегі қаржылық нәтиже" жолы бойынша Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есепте (ҚЕ-2-нысан) анықталған есепті кезеңдегі қаржылық нәтиженің сомасы көрсетіледі.

67. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

68. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

69. 060 "Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо" жолы бойынша таза активтердің/капиталдың қалдық сомасы көрсетіледі (030 жолы қосу/алу 040 жолы қосу/алу 050 жолы).

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

70. 070 "Өткен кезеңнің басындағы сальдо" жолы бойынша өткен кезеңдегі бухгалтерлік баланстың тиісті баптары бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдықтар көрсетіледі.

71. 080 "Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету" есепті кезеңнің ішінде есеп саясатының өзгеруіне және қателерді түзетуге қаржылық нәтижені түзету сомасы көрсетіледі.

72. 090 "Қайта есептелген сальдо" (070-жол +/- 080-жол) жолы бойынша ішіндегі есеп саясатының өзгеруіне және қателерді түзетуге өткен кезеңдегі түзетілген сальдо көрсетіледі.

73. 100 "Өткен кезеңдегі таза активтердегі/капиталдағы өзгерістер" жолы бойынша 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108-жолдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

101 "Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы" жолы бойынша өткен кезеңде мемлекеттік мекеменің ұзақ мерзімді активтерін қайта бағалауға арналған резервтерді, сондай-ақ өткен жылдардың қаржылық нәтижесіне арналған ұзақ мерзімді активтерді жете бағалауды есептен шығару сомасын ұлғайту сомасы көрсетіледі.

102 "Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға арналған резервтердің азаюы" жолы бойынша өткен кезеңде мемлекеттік мекеменің ұзақ мерзімді активтерін қайта бағалауға арналған резервтерді, сондай-ақ өткен жылдардың қаржылық нәтижесіне арналған ұзақ мерзімді активтерді жете бағалауды есептен шығару сомасын азайту сомасы көрсетіледі.

103 "Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы" жолы бойынша өткен кезеңде сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалауға арналған резервтерді ұлғайту сомасы көрсетіледі.

104 "Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің азаюы" жолы бойынша өткен кезеңде сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалауға арналған резервтерді азайту сомасы көрсетіледі.

105 "Өзге резервтер" жолы бойынша өткен кезеңдегі басқа резервтер сомасы көрсетіледі.

106 "Шетелдік қызметті қайта есептеу бойынша айырбас бағамдардың айырмалары" жолы бойынша есепті кезеңде мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігімен шоғырландыру үшін шетелдік қызмет бойынша қаржылық есептерді қайта санау кезінде туындаған бағамдық айырма бойынша резервті ұлғайту/азайту сомасы көрсетіледі.

107 "Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың ұлғаюы" жолы бойынша сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

108 "Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте қаржыландырудың азаюы" жолы бойынша жыл аяғында есептен шығарылатын сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру сомасы көрсетіледі.

74. 110 "Өткен кезеңдегі қаржылық нәтиже" жолы бойынша Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептен (ҚЕ-2-нысан) өткен кезеңдегі қаржылық нәтиженің сомасы көрсетіледі.

75. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

76. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

77. 120 "Өткен кезеңнің аяғындағы сальдо" жолы бойынша таза активтердің/капиталдың сомасы көрсетіледі (090 жолы +/-100 жолы +/-120 жолы).

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 21.01.2019 № 40 бұйрығымен.

78. "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" (ҚЕ-5-нысан) бухгалтерлік баланс баптарын салыстыра талдау, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептерді, ақша қаражатының қозғалысы туралы және таза активтердің/капиталын және қаржылық есептілікке жалпы мәліметтер мен ашылымдардан тұрады.

Жалпы мәліметтерде есеп беріп отырған мемлекеттік мекеменің атауы және өткен кезеңмен салыстырғанда осы ақпараттағы кез келген өзгерістер; орналасқан жері туралы ақпарат; мемлекеттік мекеменің есепті кезеңде қайта ұйымдастырылуы (біріктірген, қосқан, бөлген, бөлінген кезде) туралы ақпарат; мемлекеттік мекеменің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің атауы; бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы; қызметтің негізгі бағыттары туралы мәліметтер және мемлекеттік мекеменің қызметі туралы өзге де ақпарат көрсетіледі.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 14.12.2017 № 719 (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Қаржылық есептілікке ашылымдарда мынадай ақпарат ұсынылады.

"Ақшалай қаражат және олардың баламалары" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 010-жолы):

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 1-кестесіне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы ақша қаражаты қалдығы туралы деректер.

"Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 011, 110 және 119-жолдары):

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 2 және 5-кестелеріне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы қаржылық инвестициялар және өзгерістері бойынша деректер;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 5-1 кестесіне сәйкес салынған ұзақ мерзімді инвестициялар, соның ішінде квазимемлекеттік сектордың субъектілеріне (инвестиция субъектілерінің атауы мен тұрғылықты жерлері, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі, инвестицияның есепті кезеңдегі қозғалысы) бақыланатын және басқа субъектілер бойынша ақпарат;

кейіннен қаржы инвестицияларының жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құны бойынша) бағалау;

берілген қарыздар бойынша ақпарат;

қаржы инвестициялары мен берілген қарыздардың құнсыздануының объективті белгілерінің болуы;

есепті күнге қаржы инвестицияларына байланысты тәуекелдердің сипаты мен мөлшерлері;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 21-кестесіне сәйкес кірістердің тиісті бюджет сыныптамасы кодына бюджетке аударылуға жататын және аударылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің дивидендтері мен таза табысының бөлігі бойынша ақпарат.

"Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 012, 013, 014, 015, 016, 017, 018, 019, 021, 023, 111, 112 және 113-жолдары):

есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы дебиторлық берешекті салыстырып тексеруді, есепті кезең үшін дебиторлық берешек сомасындағы өзгерістер талдауын ұсынады;

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелері мен бақыланатын субъектілер) операциялар бойынша ақпарат;

күмәнді дебиторлық берешектер бойынша құрылған резерв жөнінде есеп айырысулар;

есептен шығарылу себептерін көрсете отырып, күмәнді дебиторлық берешектер бойынша есептен шығарылған үмітсіз борыштардың сомалары;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 22-кестесіне сәйкес есепті кезеңнің басына және аяғына салықтық түсімдер бойынша есеп айырысулардан бюджетке дебиторлық берешекті салыстырып тексеруді ұсынады ;

банкроттардың және мәжбүрлеп таратылатын өзге де заңды тұлғалардың салық берешегін қоса алғанда салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв жөніндегі ақпарат.

"Қорлар" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 020-жолы):

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 4-кестесіне сәйкес түсімдерді, қорлардың құнсыздануынан болған залал және өзге өзгерістерді көрсететін есепті кезеңнің басында және аяғындағы баланстық құнның салыстырып тексеруі ұсынылады;

қорларды бағалау әдісі;

қорлардың құнсыздануына арнап құрылған резерв жөнінде есеп айырысулар;

қорлардың құнсыздануына арнап резерв құру себептері;

қорлардың құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіру себептері мен сомалары.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің әрбір тобының оны алу (жинау) кезінде әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістер туралы ақпарат.

"Өзге қысқа мерзімді активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 022-жолы) есепті кезеңдегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша жылдың басында, жылдың аяғында қозғалыстар (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің сипаттамасы.

"Ұзақ мерзімді активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 114, 116 және 118-жолдары):

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша түсіндірме жазбаның ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 6, 7 және 9-кестелеріне сәйкес түсімдерді, амортизацияны, құнсызданудан болған залалды және өзге өзгерістерді көрсететін есепті кезеңнің басына және аяғына арналған баланстық құнның салыстырып тексеруін ұсыну қажет;

ұзақ мерзімді активтерді бағалау әдістері;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына арналған резерв құру бойынша есептеулерді;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына арналған резерв құру себептері;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болған залалдарды қалпына келтіру себептері мен сомасын;

уақытша тұрып қалған ұзақ мерзімді активтер туралы ақпаратты;

толығынан амортизацияланған, бірақ пайдаланылып жүрген ұзақ мерзімді активтер туралы ақпаратты;

ұзақ мерзімді активтерді жалдаудың түрлері, мерзімі, шарттары туралы ақпаратты ұсыну қажет.

Ұзақ мерзімді активтер қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген жағдайда ақпарат ұсынылады:

қайта бағалауды жүргізу күні туралы;

тәуелсіз бағалаушының қатысуы туралы (лицензияның нөмірі мен күнін көрсете отырып);

ұзақ мерзімді активтер объектісінің әділ құнын айқындау үшін пайдаланылған әдістер туралы.

Сенімгерлік басқаруға берілген активтер бойынша, сенімгерлік басқарудан түскен кірістер мен шығыстардың түрлері бойынша ақпарат;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 23-кестесіне сәйкес "Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 115-жолы) құрылысы аяқталмаған объектілердің шығындары мен күрделі салымдар бойынша ақпарат ұсынылады:

аяқталмаған құрылыс пен күрделі салымдар бойынша әрбір топтың сипаттамасы берілсін; Жобалық-сметалық құжаттамаларды қоса алғанда, объектілерді жаңғырту және құрылыс келісімшарттарымен белгіленген мерзімде, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтердің есепке алу шотына

жатқызылмаған, аяқталмаған құрылыс объектілері бойынша ақпарат ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 23-1 кестесіне сәйкес беріледі.

"Биологиялық активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 117-жолы):

биологиялық активтердің әрбір тобының әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістер туралы ақпарат;

іс жүзіндегі шығындар бойынша бағалау жағдайында түсімдер, амортизация, құнсызданудан болған залал және өзге өзгерістері түсіндірме жазбаның ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 8-кестесіне сәйкес көрсетілетін есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы баланстық құн салыстырмасы ашып көрсетілсін.

"Материалдық емес активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 118-жолы):

"Өзге ұзақ мерзімді активтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 120-жолы) жылдың басында, жылдың аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша сипаттамасы.

Жалға алынған немесе берілген және концессияға берілген мүлік бойынша ақпарат.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелері" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 210 және 310-жолдары):

қарыз алудың түрлері, шарттары және сомалары;

қаржылық міндеттемелердің жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құн бойынша) кейіннен бағалау;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 10 және 11-кестелеріне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы өзгерістер;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер жөніндегі ақпарат.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 223, 224, 311, 312, 313 және 315-жолдары):

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерімен және бақылайтын субъектілермен) операциялар бойынша ақпарат;

пайдаланылмаған еңбек демалыстары бойынша резерв бойынша берешекті есептен шығару және есепке алу бойынша ақпарат;

кредиторлық берешекті есептен шығару сомалары мен себептері;

активтерді жалдау бойынша кредиторлық берешек туралы ақпарат;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 22-кестесіне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша кредиторлық берешек туралы ақпарат;

вексельдер бойынша, оның ішінде төлем пайыздары бойынша есептелген сыйақы сомалары туралы ақпарат.

"Бағалау және кепілдік міндеттемелер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанның 222 және 314-жолдары):

құрылған бағалау міндеттемелері бойынша ақпарат;

есепті кезең ішінде бағалау міндеттемелерінің пайдаланылған сомалары;

шартты міндеттемелер мен шартты активтер сипатының қысқаша сипаттамасы.

"Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 221-жолы) өзге кредиторлық берешек түрлері бойынша есепті кезеңдегі жылдың басында және аяғында болуы, қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) туралы деректердің сипаттамасы.

"Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 315-жолы) өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер түрлері бойынша есепті кезеңдегі жылдың басында және аяғында болуы, қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) туралы деректердің сипаттамасы.

"Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 223-жолы) өзге қысқа мерзімді міндеттемелер түрлері бойынша есепті кезеңдегі жылдың басында және аяғында болуы, қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) туралы деректердің сипаттамасы.

"Резервтер" деген бап бойынша (ҚЕ-1 "Бухгалтерлік баланс" нысанының 411-жолы) қайта бағаланған құнымен бағаланатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау бойынша резервтер бойынша, сондай-ақ шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта санауға арналған резерв бойынша қалдықтар мен операциялар туралы ақпарат ұсынылады.

"Кірістер" және "Шығыстар" деген баптар бойынша (ҚЕ-2 "Қаржы қызметі нәтижелері туралы есеп" нысанының 100 және 200-жолдары) есепті кезеңге кірістер мен шығыстар бойынша ақпарат ұсынылады:

кірістердің әрбір санаты бойынша;

активтерді басқарудан түсетін кірістер мен шығыстар бойынша (инвестициялардан, қарыздардан, қаржылық жалдаудан сыйақылар және активтерді басқарудан түсетін өзге кірістер мен шығыстар бойынша);

негізгі құралдардың, инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығуынан кірістер мен шығыстар бойынша;

негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалдар және бұрын танылған резервті қалпына келтіру бойынша;

қорлардың құнсыздануының резерв сомалары бойынша және бұрын танылған резервті қалпына келтіру;

есепті кезеңде және өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде құрылған бағалау резервтерінің сомалары бойынша және бұрын танылған резервтерді қалпына келтіру.

"Өзге кірістер" деген баптар бойынша:

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша – олардың әділ құнының өзгеруінен алынған кірістер туралы;

өтеусіз қабылданған ұзақ мерзімді активтер туралы;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 12-кестесіне сәйкес өзге кірістер бойынша ақпарат ұсынылады.

"Бюджетке түсетін салықтық кірістер" деген бап бойынша ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 13-кестесіне сәйкес (ҚЕ-2 "Қаржылық қызмет туралы есеп" нысанының 020 жолы) бюджетке түсімдерден есептелген кірістер туралы ақпарат ұсынылады:

трансферттер түсімдері және республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін басқа да түсімдер бойынша ақпарат.

"Өзге шығыстар" деген баптар бойынша:

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша – түгендеу барысында айқындалған активтердің құнсыздануынан шыққан шығыстар туралы;

күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резервтер туралы;

өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер/қорлар туралы;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 14-кестесіне сәйкес өзге де шығыстарға.

"Өтеусіз берілген/алынған ұзақ мерзімді активтер/қорлар" деген бап бойынша :

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 16 және 16-1-кестелеріне сәйкес өтеусіз берілген/алынған ұзақ мерзімді активтер/қорлар туралы.

"Концессиялық активтер және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша өзге де активтер бойынша ақпарат" деген бап бойынша:

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 17-кестесіне сәйкес негізгі құралдар түрлері бойынша концессиялық активтердің және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары шеңберінде алынған өзге де активтердің болуы туралы.

"Өзара операциялар бойынша ақпарат" деген бап бойынша:

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 18-кестесіне сәйкес элиминирлеу бойынша операцияларды анықтау мақсатында өзара операциялар бойынша кіріс және шығыс түрлері бойынша ақпарат;

ҚЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)" нысанының "Сыртқы қарыздар және байланысты гранттар" 017-жолы бойынша көрсетілген сыртқы қарыздар шоттарына ақша қаражатының түсімдері бойынша.

7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және аударылған сомалар жөніндегі ақпарат бабы бойынша:

7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және бюджет кірістері мен шығыстарын элиминирлеу бойынша операцияларды анықтау мақсатында ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 19-кестесіне сәйкес бюджет түсімдерінің санаттары бойынша бюджетке аударылған сомалар туралы ақпарат.

"Бюджетке түсетін түсімдердің азаюы бойынша шығыстар" деген бап бойынша (ҚЕ-2 "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп" нысанының 137-жолы) ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 15-кестесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер алдындағы бұрын есептелген кірістерді және аударылған кеден баждарын түзету кезінде туындайтын бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің азаюы бойынша шығыстар туралы ақпарат ұсынылады.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер" деген бап бойынша ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 20-кестесіне сәйкес шартта көзделген мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде қаржылық емес және қаржылық міндеттемелер бойынша (инвестициялық және операциялық шығындарды өтеу, сыйақылар және өзге де міндеттемелер бойынша) міндеттемелер туралы ақпарат ұсынылады.

Мемлекеттік мекеме:

инвестициялық субсидиялау бойынша;

ҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 25-кестесіне сәйкес мемлекеттік кепілдіктер мен шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ұсынады.

Ескеру. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79-1. Мемлекеттік мүлік туралы заңы бойынша жекелеген негіздер мемлекет меншігіне берілген (алынған) мүлік туралы ақпарат, еспті күнге бағаланбаған мүлікті қоса ақпарат көрсетеді.

Ескерту. Қағида 79-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің м.а. 25.06.2020 № 632 (01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. "Қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің есеп шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)" (ҚЕ-3 нысаны) баптарына сәйкес, есепті кезеңдегі қызмет түрлері бойынша ақшалай қаражаттардың түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат ұсынылады.

Жәбірленушілерге өтемақы қоры бойынша төленген ақша мен төлемдер туралы ақпарат;

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры бойынша түскен ақша мен жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

Арнаулы мемлекеттік қор бойынша ақшаның түсуі және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

басқа шоттардағы ақша қозғалысы туралы, ҚЕ-5 нысаны 24-кестесіне сәйкес "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" туралы ақпарат.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Қаржылық есептілікті ұсыну күніне дейінгі есепті күннен кейін оқиғаларды ашу: әрбір маңызды оқиғалардың оның құндық мәніндегі салдарларының бағалау және түрін сипаттау.

82. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14613 болып тіркелген бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының талаптарына сәйкес берілген бюджеттік есептілік жөніндегі ақпарат міндетті түрде жазылады.

Қаржылық есептілікті
жасау және ұсыну
қағидаларына
қосымша

Жартыжылдық және жылдық есептердің нысандары бойынша қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштерін келісу схемасы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2021 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тексерілетін көрсеткіш	Онымен келісілетін көрсеткіш
Қаржылық есептілік көрсеткіштері	
1-нысан. Бухгалтерлік баланс	3-нысан. Қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)

3, 4-бағандардың 010-жолы	3-бағанның 920 және 930-жолдары тиісінше
1-нысан. Бухгалтерлік баланс	4-нысан. Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп
3-бағанның 411, 412-жолдары тиісінше	4, 5-бағандардың 010-жолы тиісінше
4-бағанның 410, 411, 412-жолдары тиісінше	3, 4, 5-бағандардың 060-жолы тиісінше
1-нысан. Бухгалтерлік баланс	5-нысан. Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба
3, 4-бағандардың 010-жолы	1-кестенің тиісінше 3, 4-бағандарының 100-жолы
3, 4-бағандардың 011-жолы	2-кестенің 8-бағанының 030 және 031-жолдары
3, 4-бағандардың 014-жолы	3-кестенің 3-бағанының 030 және 031-жолдары
3, 4-бағандардың 020-жолы	4-кестенің 8-бағанының 030 және 031-жолдары
3, 4-бағандардың 110-жолы	5-кестенің 8-бағанының 030 және 031-жолдары
3, 4-бағандардың 114-жолы	6-кестенің 11-бағанының 040 және 041-жолдары
3, 4-бағандардың 116-жолы	7-кестенің 6-бағанының 040 және 041-жолдары
3, 4-бағандардың 117-жолы	8-кестенің 5-бағанының 040 және 041-жолдары
3, 4-бағандардың 118-жолы	9-кестенің 9-бағанының 040 және 041-жолдары
3, 4-бағандардың 210-жолы	10-кестенің 6-бағанының 010 және 013-жолдары
3, 4-бағандардың 310-жолы	11-кестенің 6-бағанының 010 және 013-жолдары
2-нысан. Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп	4-нысан. Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп
3 және 4-бағанның 300-жолы	5-бағанның 050 және 110-жолдары
2-нысан. Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп	5-нысан. Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба
220-жол	12-кестенің 3-бағанының 020-жолы минус 14-кестенің 3-бағанының 020-жолы
230-жол	12-кестенің 3-бағанының 040-жолы минус 14-кестенің 3-бағанының 030-жолы
5-нысан. Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба	5-нысан. Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба
1-кестенің 3, 4-бағандардың 014-жолы	24-кестенің 3-бағанының 010 және 040-жолдары
1-кестенің 3, 4-бағандардың 015-жолы	24-кестенің 4-бағанының 010 және 040-жолдары
1-кестенің 3, 4-бағандардың 016-жолы	24-кестенің 5-бағанының 010 және 040-жолдары
1-кестенің 3, 4-бағандардың 020-1-жолы	24-кестенің 6-бағанының 010 және 040-жолдары

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 1 тамыздағы
№ 468 бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6352 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 26 шілдеде жарияланған).

2. "Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 418 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7988 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 3қарашадағы 2012 жылы № 722-726 (27798) жарияланған).

3. "Қаржы есептілігін нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 30 қарашада № 501 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8928 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 1 наурыздағы 2014 жылы № 42 (28266) жарияланған).

4. "Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 588 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 12646 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 26 қаңтарда жарияланған).

5. "Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 және "Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ бірдей мерзімдерде мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесімен бекіту туралы" 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 636 Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының 1 тармағы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13368 болып тіркелінген "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 4 сәуірде 2016 жылы, "Егемен Қазақстан" газетінде 23 сәуірдегі 2016 жылғы № 77 (28805) жарияланған).

6. "Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 17 наурызда № 178 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15030 болып тіркелінген, Қазақстан Республикасы Нормативтік ақпараттық-құқықтық жүйесінде электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 28 сәуірде 2017 жылы жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК